

Жұмағұлов Қ. Т.¹, Мұхаметқали А. Е.²

*¹әл-Фараби атындағы ҚазҰУ т.ғ.д., профессор,
Қазақстан, Алматы. e-mail: kalkaman.zhumagulov@kaznu.kz*

*²әл-Фараби атындағы ҚазҰУ 2 курс магистранты
Қазақстан, Алматы, e-mail: ainash.ermekkyzy@gmail.com*

ИМПЕРАТОР ЮСТИНИАН ЖӘНЕ ОНЫҢ «АЗАМАТТЫҚ ҚҰҚЫҚТАР ЖИНАҒЫ»: ТАРИХЫ МЕН МАҢЫЗЫ

Аңдатпа

Мақала Византия императоры Юстиниан және оның жүргізген реформалары нәтижесінде жарық көрген Corpus juris civilis (Азаматтық құқықтар жинағы) деген атпен белгілі заңдар жинағының тарихы мен оның империя өміріндегі маңызын көрсетуге арналған. Әрине авторлар алдымен император Юстинианның мемлекет басшысы болып қалыптасуына дейінгі тарихи кезеңге сипаттама береді. Өйткені Еуропаның ерте ортағасырдағы тарихы және қоғамдық өмірдің маңызды мәселелері ғұндар және Халықтардың Ұлы қоныс аудару үдерісімен тығыз байланысты.

Мақалада авторлар император Юстинианның елді басқару саласында жеткен жетістіктеріне баға береді. Ең алдымен ол жетістіктер император Юстинианның қабылдаған «Азаматтық құқықтар жинағы» деп аталатын заңдар жинағы арқылы сипатталады. Әрине император Юстинианның қабылдаған «Азаматтық құқықтар жинағы» сол ерте ортағасырлық қоғамның барлық саласының дамуына серпін берді. Аталмыш заңдар жинағы үлкен ізденістің нәтижесінде пайда болды. Себебі заңдар жинағын құрастыру ісіне сол заманның білікті мамандары мен танымал заңгерлері қатысқан болатын. Нәтижесінде кейінгі зерттеушілер үшін қызығушылық тудырған заңдар жинағы пайда болып, оның баптары мен қоғамның дамуына тигізген әсері ғылыми-зерттеу жұмыстарына арқау болды.

Түйін сөздер: император, құқық, жинақ, қоғам, үдеріс, даму, мемлекет, ортағасыр.

¹Zhumagulov K.T.,²Mukhametkali A.E.

*¹ Doctor of history sciences, Professor. KazNunamed al-Farabi.
Kazakhstan, Almaty.e-mail:kalkaman.zhumagulov@kaznu.kz*

*²2st master student. KazNunamed al-Farabi.
Kazakhstan, Almaty, e-mail: Ainash.ermekkyzy@gmail.com*

EMPEROR JUSTINIAN AND HIS "CODE OF CIVIL LAW": HISTORY AND SIGNIFICANCE

Abstract

The article is devoted to the history of the Byzantine emperor Justinian and his collection of laws, known as the Collection of Civil Rights, published as a result of his reforms, and his significance in the life of the empire. Of course, first of all, the author describes the historical period before the reign of Emperor Justinian. After all, the history of early medieval Europe and important issues of public life are closely related to the process of the Great Migration of Nations.

In the article, the author evaluates the achievements of Emperor Justinian in the field of government. Above all, these achievements are characterized by a collection of laws called the "Code of Civil Rights" adopted by the Emperor Justinian. Of course, the "Code of Civil Rights" adopted by Emperor Justinian gave impetus to the development of all spheres of society in the early Middle Ages. This collection of laws is the result of a great search. Because qualified specialists and well-known lawyers of that time took part in the development of the collection of laws. As a result, a collection of laws appeared, which aroused interest for subsequent researchers, his articles and influence on the development of society became the basis of research work.

Key words: emperor, law, collection, society, process, development, state, middle ages.

*Доктор исторических наук, профессор. КазНУ им. Аль-Фараби.
Казахстан, Алматы. e-mail: kalkaman.zhumagulov@kaznu.kz
¹Магистр 2 курса КазНУ имени аль-Фараби
Казахстан, Алматы, e-mail: ainash.ermekkyzy@gmail.com*

ИМПЕРАТОР ЮСТИНИАН И ЕГО «СВОД ГРАЖДАНСКОГО ПРАВА»: ИСТОРИЯ И ЗНАЧЕНИЕ

Аннотация

Статья посвящена истории византийского императора Юстиниана и его сборнику законов, известному как *Corpus juris civilis* (Сборник гражданских прав), опубликованному в результате его реформ, и его значению в жизни империи. Конечно, в первую очередь авторы описывают исторический период до правления императора Юстиниана. Ведь история раннесредневековой Европы и важные вопросы общественной жизни тесно связаны с процессом Великого переселения народов.

В статье авторы оценивают достижения императора Юстиниана в области управления страной. Прежде всего, эти успехи характеризуются сборником законов, под названием «Свод гражданских прав». Разумеется, «Свод гражданских прав», принятый императором Юстинианом, дал толчок развитию всех сфер общества раннего средневековья. Этот сборник законов появился в результате большого поиска. В его разработке принимали участие знатоки права и известные юристы того времени. В результате появился сборник законов, вызвавший интерес для последующих исследователей. Его содержание стало основой научно-исследовательской работы.

Ключевые слова: император, право, сборник, общество, процесс, развитие, государство, средневековье.

Кіріспе

Көне Римде пайда болған құқықтар жүйесінің мәселесіне деген ерекше қызығушылық белсенді ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуге арқау болып отыр. Өйткені ежелгі Римнің заңнамалық актілері бүгінгі құқықтық жүйенің негізіне айналып, оның тарихи бастауы болып табылатындығы ғылыми қауымдастық тарапынан мойындалып отыр. Тіпті бүгінгі таңда көптеген құқықтық нормалар мен олардың құрылымдары өміршең ежелгі Рим заңдарының негізінде қайта қалыптасқан. Міне осындай өміршендігімен ерекшеленген заңнамалық жинақтар қатарында император Юстинианның реформалары нәтижесінде дүниеге келген «Азаматтық құқықтар жинағын» атап өтуге болады.

Император Юстинианның *Corpus juris civilis* атты жинағының маңызы

527-565 жылдары Византия империясын басқарған Юстинианның азаматтан императорға дейінгі қалыптасуы кезеңі әлемдік маңызы жоғары болған Халықтардың Ұлы қоныс аудару үдерісімен сабақтасып жатыр. Отандық зерттеуші К.Т. Жұмағұлов өзінің еңбектерінде ғұндардың атымен байланысты болған Халықтардың Ұлы қоныс аудару үдерісі бүтіндей Еуропаның ортағасырлық дәуіріндегі қоғамдық құрылысы мен саяси өміріне түбегейлі бетбұрыстар әкелгендігі туралы дәлелді тұжырымдар жасаған [1, 85-98 б]. Ал «The Huns and the Great Migration in Europe» атты ғылыми мақаласында Еуропа жеріне келген ғұндарға қарсы барлық Еуропадағы саяси күштердің біріккендігі және біріккен әскери күшті Аэций басқарғандығын айта келе, кейінірек Аэций Римдегі билік үшін тартыста ғұндарға арқа сүйеп, солардың қолдауы арқасында Римдегі жоғары лауазымға ие болғандығы туралы мәліметтер келтіреді [2, 84 р]. Демек ғұндардың атымен тығыз байланысты болған Ұлы Қоныс аудару үдерісінің Еуропаның саяси өмірінде ерекше орны болғандығын байқауға болады. Міне осы тарихи кезеңнің сабақтастығында дүниеге келіп, император ретінде таныла алған Юстинианның реформалары нәтижесінде қоғамдық өмірдің игілігіне айналған «Азаматтық құқықтар жинағы» ортағасырлық Еуропаның тарихындағы өзіндік ерекшелігі бар бірегей заңнамалық жүйеге айнала алды.

Император Юстиниан Римнің ежелгі дәуірлердегі қуаты мен даму қарқыны өзіндік құқықтық жүйеге терең негізделген әскери әлеуетпен тығыз байланысты екендігіне сенімді болған. Сондықтан да ел билігіне келген тұстан бастап-ақ мемлекеттің осы қуатын қайта қалпына келтіруді өзінің қоғамдық-саяси қызметінің басты өзегіне айналдырды. Өзінің кезекті бір актісінде император Юстиниан «Мемлекетке деген ең жоғарғы қамқорлық екі тарихи бастаудан басталады. Оның бірі әскери іс болса, екіншісі құқықтық тәртіп болып табылады. Сол себепті осы екі бастаудан күш алатын римдіктер ежелден барлық халықтар мен игіліктерге иелік етіп келді. Құдайдың көмегімен бұл мәңгілікке жалғасады. Осы екі құндылық үнемі бірін-бірі толықтырып отырады. Әскери іс қатаң заңдылықтар мен құқық арқылы ұйымдастырылып отырса, құқық әскердің күшімен сақталып отырады. Сол себепті біз өз кезегімізде осы екі тарихи бастаудан айрылмастан әскери іс пен заңнаманы күшейтетін боламыз. Ол үшін алдымен әскери істі қалыпқа келтіріп, осы күнге дейін қалыптасқан заңнаманы сақтай отырып, жаңасын қабылдаймыз» деген болатын [3, с. 45].

Император Юстиниан өзінің ел басқарған алғашқы жылдарында-ақ қиындығы жағынан ауқымды жұмыстарды жоспарлаған. «Император тек қана марапаттар емес. Сонымен қатар соғыс және бейбітшілік уақытта мемлекетті сәтті басқару үшін ерекше артықшылықтар беретін заңдармен де қорғалуы тиіс» деп санап [4, с. 123], император қаулылары мен рим заңгерлерінің жазбаларын біріктірген құқық оқулығын дайындауға кіріседі.

Император Юстинианның есімімен ең алдымен сол күнге дейін болып келген өзара жүйелігі сақталмаған заңдарды жүйелеп, өзара байланыстарын күшейту ісі тығыз байланысты. Мысалы билікке келген алғашқы күндерден-ақ императордың нақты тапсырмасы бойынша барлық рим императорларының қаулыларын жинастыру, түрлі заңгерлердің еңбектерін топтастыру, бір-біріне қарама-қайшы келетін мәселелерді жою, заман талаптарына сай келмейтін заңдардың күшін жою сынды жұмыстар жүйелі атқарыла бастады. Демек түрлі тарихи кезеңдегі рим императорларының қаулылары мен заңгерлерінің еңбектері бір жинаққа топтастырыла бастаған деп айтуға толық негіз бар. Біздің пікірімізше мұндағы басты мақсат қаулылары мен заң талаптарын заман ағымына сәйкестендіре отырып, осы салада туындаған қарама-қайшылықтарды жою болып табылады. Осы себепті де бірқатар зерттеушілердің пікірінше император Юстинианның бұл заңдар жинағы қоғамдық қарым-қатынастарды реттеу ісімен қатар, бүтіндей құқық саласының тарихи бастауы болып табылады [5, с. 65]. Рас ғылымда кездесетін бұл пікірмен толық келісуге болады.

Негізінен император Юстинианның осы бағыттағы жұмыстарының заңды нәтижесі ретінде бірқатар жүйелі жұмыстар атқарылды. Атап айтқанда заң жинақтарының құрылымдары болып табылатын Институция, Дигесталар, Кодекс және Новелла сынды заң жинағының құрылымдары жарық көрді. Мысалы 529 жылы заң жинағының бірінші бөлімі Кодекс жарыққа шығады және онда I-ҮІ ғасырлар аралығында Юлий Цезарьдан бастап билік еткен императорлардың қаулылары топтастырылады. Ал 533 жылы Институция жарық көреді. Бұл көбінесе римдік заңгерлердің қоғамдық қарым-қатынастарды реттеп тұрған заңдарға шолу жасаған еңбектеріне арналады. Сол жылы Дигесталар жарық көреді. Аталған еңбек сол заманда батысқа танымал болған заңгер Трибонианның жетекшілігімен жазылады және жалпы атқарылған жұмыстардың негізгі мазмұнын да дәл осы еңбек құраған болатын.

Дигесталар 50 кітаптан және олардың әрқайсысы қосымшалардан тұрады. Сол заманның танымал Гая, Модестин, Павл, Папиниана мен Ульпиана сынды заңгерлердің жазған жұмыстары Дигесталардың мазмұнының негізгі бөліктерін қамтып отыр. Сонымен бірге мән беретін болсақ, 50 кітаптың тақырыптары мен олардың ішіндегі тараулары өзара тығыз байланысты, бірін-бірі толықтырушы ретінде жүйелі түрде құрастырылған. Атап айтатын болсақ, алғашқы кітап жалпы түсініктер, құқық тарихы, әрекетке қабілетті және қабілетсіз тұлғалар сынды тақырыптарды ашса, кейінгі үш кітап сот, сот үдерісі және айып сынды түсініктерді ашқан. Дигесталардың жеті кітабы мұрагерлік және мүлктік қарым-қатынастарды қамтыған. Ал сегіз кітап тауар ақша қарым-қатынастары, сату мен сатып алу сынды азаматтық құқықтың маңызды мәселелеріне арналады. Үш кітап кепіл және соған қатысты қарым-қатынастарды реттеу ісін арнайы қарастырса, кейінгі кітаптар ерлі-зайыптылар қарым-қатынасы, бала асырап алу, мұрагерлік, құлдық, келісім-шарттары, қылмыс пен жаза, ұғымдар мен түсініктерді талдау сынды мәселелерге арналған [6, с. 42].

Жалпы император Юстинианның осы аталған заң жинақтарының ерекшелігі империяны басқаруды тиімді етуге бағытталғандығы болып табылады. Өйткені мемлекеттің баянды болашағы алдымен мемлекеттік істердің дұрыс ұйымдастырылуы және мемлекет азаматтары арасындағы қарым-қатынастардың да ерекше тәртіпке негізделуіне тікелей байланысты болып табылады. Осылайша қоғамдық қарым-қатынастарды ерекше үйлесімді байланыстарға негіздеу арқылы ғана барлық қоғам мүшелері мен мемлекеттің қызығушылығын толыққанды қорғауға болады. Осы себепті де болар император Юстинианның заңдарында ерекше көңіл аударылған мәселелердің қатарында әкімшілік және жеке мүлік мәселелері болып табылады.

Ендігі кезекте осы заңдар жинағының қоғам игілігі үшін атқарған қызметін ашып көрсетудің қажеттілігі туындайды. Жалпы император Юстиниан осы заңдарды шығару арқылы қоғамдық қарым-қатынастарға ерекше үйлесімділік қалыптастыруды көздеген. Заң арқылы мемлекеттегі білім беру ісі ерекше қолға алынып, оның ішінде халыққа өз құқықтарын білуге деген ұмтылыстарын күшейте түсті. Біз жоғарыда атап өткен Институция деп аталатын құрылымдық жоба соның дәлелі болып табылады [7, 112 p.].

Император Юстинианның «Азаматтық құқық жинақтарында» ерекше назар аударылған мәселелердің бірі – дін саласы болды. Юстиниан үкіметінің маңызды міндеттерінің бірі шіркеудің байлығын көбейту және оның көпшілікке әсерін кеңейтумен тығыз байланысты болды. Осы бағытта император Юстиниан ерте орта ғасырлардағы барлық император сияқты көп жұмыс жасады. Шіркеудің экономикалық мүмкіндіктерін нығайту мақсатында Юстиниан Новеллада шіркеу мүлкін иеліктен шығаруға тыйым салды. Бұл заң империяның астанасымен қатар, көршілес қалалар да, провинциялар да, сонымен қатар Ликаония, Ликия, Африка сынды аймақтардың барлығында қолданысқа енгізілді. Новелла талаптарына сәйкес, шіркеулерге тиесілі жылжымайтын мүлікке қол сұғуға тыйым салынды. Олардың қатарында шіркеуге тиесілі үйлер, егістіктер, бақтар, сондай-ақ жерді өңдеумен айналысатын құлдар мен мемлекеттік астық беру қызметтері жатты. Тыйым тек шіркеу иеліктерін тартып алу ғана емес, сонымен барлық түрлеріне мысалы сату, сыйға тарту, айырбастау, мерзімсіз жалдау, мүлкті кредиторларға кепілге беру ісін де қамтыды.

Юстинианның «Азаматтық құқықтар жинағында» зайырлы және шіркеу билігінің қарым-қатынасын реттейтін бірқатар маңызды ережелер де бар. Ең бастысы император Юстиниан императордың шіркеуді басқару идеясын қолдады және сол бағытта жұмыстар атқарды. Юстиниан «шіркеулердің барлық байлығының қайнар көзі - өзінің жомарттығына байланысты» деп санады. Рас император империядағы барлық мүлктің жоғарғы иесі ретінде шіркеудің де барлық игіліктерге ие болуын қадағалады немесе басқарды.

Юстиниан шіркеу мекемелерінің беделін көтеру үшін көп жұмыс жасады. Императордың «Азаматтық құқық жинағында» жергілікті шіркеу қауымдастықтары алғаш рет корпорациялар ретінде мойындалған болатын. Алдағы олар заңды тұлға құқығына ие болып, өз мүлкіне ие болу мүмкіндігіне ие болды. осылайша император дінбасылар мен шіркеу ұйымдарына елеулі артықшылықтар берді. Оның әлеуметтік-экономикалық әлеуетінің

артуына бірқатар заңда белгіленген жайттар түрткі болды. Мысалы заңға сай шіркеу жазылған өсиетке сай кез-келген адамның мүлкінің мұрагері бола алу құқығына ие бола алды. Дәл осы құқық шіркеудің садақалар мен берілген мүліктер арқылы шіркеу меншігінің одан әрі тез өсуін қамтамасыз етті. Осы уақытқа дейін мұндай артықшылықты тек мемлекет пен қалалық қауымдастықтар пайдаланып келген болатын [8, с. 84-87].

Мемлекеттің саяси және әлеуметтік-экономикалық салалардағы қызметі Новеллаларда айқындалды. Осы Новеллалардың мәтінімен таныса келе, түйіндейтін ой мемлекет азаматтардың қандай да болмасын саяси және әлеуметтік астары басым болған толқуларға жол бермеуге тырысушылығын байқауға болады. Осы мақсатта мемлекеттегі әкімшілік бөлініс, оны тиімді басқару ісі, азаматтардың әлеуметтік жағдайы және оны жақсартуға тырысушылық, азаматтардың құқықтарының қорғалуы сынды мәселелерді жіті зерделеп, нақты талаптар мен ережелер арқылы бекітті. Әрине біз жоғарыда атап өткен Заң жинақтарына енген құрылымдардың ішінде дәл осы Новеллалардың мүмкіндіктері жоғары болғандығын атап өтуіміз қажет. Сонымен қатар Новеллар мемлекеттегі тек азаматтардың әл-ауқаты ғана емес, олардың рухани өміріне де мән беріп, дін және шіркеу жұмыстарына да бақылау орнатты. Сондықтан да болар аталмыш заң халық тарапынан да қолдауға ие болды. Тіпті заңның талаптары да азаматтардың Новеллаларға ерекше құрметпен қарап, оның талаптарын ерекше сақтауы тиіс саналды [9, 89 р.].

Юстинианның заңнамасы азаматтар мен халықтар арасында қарым-қатынастарды реттеу тұрғысынан өте маңызды болды. Юстинианның заңдары империя халқының азаматтық құқықтарына қатысты күрделі өзгерістер енгізе алды. Осылайша осы уақытқа дейін қызмет етіп келген азаматтық құқыққа қатысты заңнамалар жойылып, түпкілікті Юстинианның заңдары үстемдік ала бастады. Жаңа заң Рим халқы мен жаулап алынған халықтар мен Рим мемлекетін мекендеген ұлттар арасындағы құқықтық айырмашылықтарды жоюға тырысты. Бұл империя жерін мекен еткен халықтардың әртүрлі салалардағы экономикалық және саяси байланыстарын дамытуға жағдай жасады.

Байқағанымыздай, император Юстиниан жүргізген заң саласындағы реформалары толығымен қалыптасқан ахуалды терең ескере отырып, жаңа қоғамның талап-тілектеріне сай болуын қамтамасыз ету болып табылды. Демек заңнаманың жаңарту жұмыстарына ерекше көңіл бөлгені байқалады. Рас қоғамның даму сатысындағы келесі бір кезеңге өтіп жатқан тұсқа сай келген императордың қоғамдық-саяси қызметі осыны талап етті. Сондықтан да болар император Юстиниан жоғарыда атап өткен заң жинақтарын дайындау ісіне де ерекше көңіл бөлді. Мысалы заңнаманы жетілдіру үшін осы іске жұмылдырылатын заңгерлер империяның әр бөліктерінен шақырылды. Оларға қойылған басты талап та қызмет етіп тұрған және осы күнге дейін пайдаланылып келген заңдарды басшылыққа алуы тиіс саналды. Әрине ортағасырларда адамдарды жаңа заң, жаңа талаптарға бірден үйрету белгілі бір дәрежеде қиындық туғызуы әбден мүмкін еді. Сол себепті де болар жауапты тұлғалар адамдардың санасы үйренген заңдарды басшылыққа ала отырып, жаңа талаптарды қоғам өміріне енгізе бастады. Бұл сөзсіз император Юстинианның заңдары алдымен мемлекет пен халық арасындағы қарым-қатынастарды бір ретке келтіруді мақсат еткендігінің басты дәлелі болып табылса керек. Сонымен қатар император Юстиниан өзінің «Азаматтық құқықтар жинағы» деп аталатын заңдарының үш бөлігі, яғни біз жоғарыда атап өткен Кодекс, Дигестт, Институция атты бөліктерін дайындау ісінде сол замандағы танымал заңгерлерді ұйымдастыру жұмысына тарта алған. Мысалы сол білікті маман саналатын Трибонианның осы мәселедегі еңбегі соның дәлелі болып табылады. Нәтижесінде ұйымдастыру жұмысына тартылған мамандар екі мыңдай кітаптарды қарастырып, күрделі жұмыстарды атқара алды. Алғашында заңдарды жаңарту жұмыстарына он жылдай кетеді деп жоспарланған жұмыстар, қажырлы еңбектің нәтижесінде үш жыл көлемінде аяқталып отырды.

Кодексті жасап шығару ісі де үлкен ұйымдастыру жұмыстары нәтижесінде дүниеге келген болатын. Атап айтқанда оның жұмысына заң қызметкерлерімен қатар, адвокат ретінде қызмет етіп келген оннан астам мамандар тартылады. Ал құрылған комиссияның жұмысын патриций Иоанн басқарған болатын. Комиссия құрамына аты мәлім заңгер Теофилиус, заң саласының профессоры Константин және өзге де заң қызметкерлері кірді. Комиссияның жұмысы алдымен ескірген заңдарды анықтау, қарама-қайшылықтарды жою, заңдарды жаңарту сынды жұмыстарды сәтті аяқтап, Кодекстің алғашқы басылымдарын шығарады [10, 10 р.]. Жаңа ұғымдар пайда болып, заңдардың жаңартылғаны толығымен сезіледі. Кодекстің II басылымын шығарудың да қажеттілігі сезіліп, білікті маман Трибониан бастаған заңгерлер осы істі абыроймен аяқтаған. Бір ерекшелігі император тарапынан осы мамандарға толыққанды еркіндік пен біршама өкілеттіліктер де берілген болатын. Жүйелі жұмыстардың нәтижесінде жарық көрген бұл және осыған ұқсаған барлық заң жинақтары император Юстинианның қатаң бақылауында болды. Сондықтан да болар әр заңның мұқабасына император Юстинианның аты және заңның қабылданған уақыты қосымша беріліп отырды. Бұл сөзсіз заң императордың тікелей бақылауында дегенді білдірсе керек.

Қорытынды

Міне халықтардың Ұлы Қоныс аудару үдерісінен кейінгі тарихи кезеңде қалыптасқан император Юстиниан қоғамның бір сапалық деңгейден келесі сатыға ауысып жатқан күрделі уақытында бастамашыл заңдарын қабылдады. Заңдардың маңыздылығы оның өміршеңдігімен өлшенді десек қате болмас. Өйткені осы сынды заңдар Еуропаның кейінгі жаңа замандарда дүниеге келген заңнамалардың тарихи бастауына айнала алды. Мұндай император Юстинианның заңдарының өміршеңдігі ең алдымен ұйымдастыру жұмысына ерекше мән бергендігімен тығыз байланысты. Сөзсіз император Юстиниан заңдарды даярлау барысына сол уақыттың беделді заңгерлерінің қызметін пайдалануы заңды өміршең етті. Бүгінгі ғылым алдында тұрған маңызды міндеттердің бірі осы император Юстинианның қабылданған заңдарының талаптары мен баптарын терең талқылап, өміршең

ойларын басшылыққа алу арқылы ұтымды тұстарын белсенді пайдалануға қатысты тың тұжырым жасау болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Жұмағұлов Қ.Т. Ғұндардың Галлия (Франция) жеріндегі шайқасы // *әл-Фараби атындағы ҚазМУ хабаршысы. Тарих сериясы.* – 2001. - №1. – 225 б.
2. Zhumagulov K.T., Sadykova R.O. *The Huns and the Great Migration in Europe* // *әл-Фараби атындағы ҚазҰУ хабаршысы. Тарих және саяси-әлеуметтік ғылымдар сериясы.* - №2(65). – 2020. – 688 б.
3. Богатых Е.А. *Гражданское и торговое право: от древнего Рима к современной России- Москва, 2000- 267 с.*
4. *Дигесты Юстиниана.* – Москва, 1984. – 456 с.
5. Бородин О.Р. *Институция Юстиниана в составе свода Гражданских прав // Памятники истории права: пособие для библиотекаря и библиографа.* – Москва, 2003. – 291 с.
6. Косарев А.И. *Римское право.* – Москва, 1986. – 158 с.
7. James Allan Evans. *The Emperor Justinian and the Byzantine Empire.* – London, 2005. – 216 p.
8. Соколов Е.А. *Имущественные права церкви по свидетельству Кодекса Юстиниана // Христианское чтение.* - №1. – 2004. – 289 с.
9. Timothy E. Gregory. *A History of Byzantium.* – Hoboken: Wiley-Blackwell, 2010. – 480 p.
10. Kaegi Walter E. *Heraclius, Emperor of Byzantium.* – Cambridge: Cambridge University Press, 2003. – 372 p.

List of references:

1. Zhumagulov K. T. *Battle of the Huns in Gaul (France)* // *Bulletin of Al-Farabi Kazakh State University. History series.* – 2001. - No. 1 – - 225 P.
2. Zhumagulov K.T., Sadykova R.O. *The Nips and the Great Migration in Eignore* // *Bulletin of Al-Farabi Kazakh National University. History and political and Social Sciences series.* - №2(65). – 2020. – 688 P.
3. Bogatykh E. A. *civil and trade law: from ancient Rome to modern Russia-Moscow, 2000-267 P.*
4. *Digesti Justinian.* Moscow, 1984. - 456 P.
5. Borodin O. R. *Institute of Justinian in its composition Civil Rights // memory of history rights: benefits for Bibliotheca and bibliographer.* Moscow, 2003. - 291 P.
6. Kosarev A. I. *Rimskoe pravo.* Moscow, 1986. - 158 P.
7. James Allan Evans. *The Emperor Justinian and the Byzantine Empire.* – London, 2005. – 216 p.
8. Sokolov E. A. *domestic rights of the cerkvi on the observance of the Code of Justinian // Christian reading.* - No. 1. – 2004. – 289 P.
9. Timothy E. Gregory. *A History of Byzantium.* – Hoboken: Wiley-Blackwell, 2010. – 480 p.
10. Kaegi Walter E. *Heraclius, Emperor of Byzantium.* – Cambridge: Cambridge University Press, 2003. – 372 p.